

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын ( \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызметтер көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін қызметтерді көрсету туралы азаматтық-құқықтық шарт;

2) Қызметтер - Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген, Тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған заттық мәні жоқ іс-әрекет.

1.4. Жеткізуші Қызметтерді өз күші және құралдарымен өзінің материалдары мен құрал-жабдықтарын пайдалана отырып көрсетеді.

1.5. Қызметтердің құны мен түрлерінің тізбесі Шарттың 1-Қосымшасында көрсетілген (2 - Қосымша).

1.6. Қызметтерді көрсету орны - Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі 21 (бұдан әрі - Объекті).

1.7. Қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушіге бірлесіп орындаушыларға Қызметтердің жалпы көлемінің үштен екісінен асатын Қызметтер көлемін беруге жол берілмейді.

## 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиынды (\_\_\_ теңге \_\_ тиын) *(егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса)* (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Қызметтер құны, *<және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

- қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізушіден белгіленген тәртіпте ресімделген төлемге электронды шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде және Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған көрсетілген Қызметтер Актісі (бұдан әрі - Акт) негізінде тоқсан сайын жүзеге асырады.

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактураларды, төлемге шот пен Актіні берген кезде ғана жүргізіледі.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады)*.

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады)*.

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы *(бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады)*.

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан

Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

### 3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

#### 3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге **міндеттенеді**.
- 4) қызметтерді көрсету кезеңінде Шарт талаптарына сәйкес Объектіде Жеткізуші қызметкерлерін кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге;
- 5) Жеткізуші қызметкерлерін рұқсатнамалық және объектішілік режимдері бойынша нұсқаулықтан өткізуге міндеттенеді.

#### 3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істеулер, қателер (бұдан әрі - ақаулар), анықталған жағдайда Жеткізушіден анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе ішінара немесе толық

төлеуден бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге **құқылы**.

### **3.3. Жеткізуші:**

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында ақауларды (оның ішінде жасырыны бар) анықтаған жағдайда, оларды анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.

11) Қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

12) Қызмет көрсету кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалары мен қағидаларының басқа да

- талаптарына сай келетін құрал-жабдықтарды және материалдарды пайдалануға;
- 13) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік беруге;
  - 14) Тапсырыс беруші Объектіде белгілеген рұқсатнамалық және объектішілік режимдердің талаптарын сақтауға;
  - 15) Қызметтерді көрсетуді аяқтағаннан кейін Объектіні Қызметтерді көрсетуге байланысты қалдықтардан тазалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ Объектіден қоқысты өз есебінен және өз автокөлігімен шығаруға;
  - 16) Жеткізуші Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша істен шыққан аккумуляторлық батареяларды тасымалдауға, оларды қайта өндеу/шығынға жатқызу пунктке тапсыруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Тапсырыс берушіге қолданыстағы талаптарға (Аккумуляторлық батареялардың қалдықтарын және олардың сынықтарын ұстау білу жөнінде Ұлттық стандарт СТ ҚР 3132-2018 Ресурстарды үнемдеу) сәйкес оларды қайта өндеу/шығынға жатқызуды белгілейтін аккумуляторлық батареяларды өндеу/шығынға жатқызу туралы құжаттарды тапсыруға.
  - 17) Шарт бойынша міндеттемелерін орындау уақытында Жеткізуші кінәсінен келтірілген зиян немесе кеткен қателіктер себебінен Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың қойған даулы мәселелерін (үшінші тұлғалардың талаптары және/немесе сындары) Тапсырыс берушіні іске араластырмай өздігінен өз қаражаты есебінен шешуге;
  - 18) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған кезге дейін Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс берушінің құрал-жабдығының, материалдары мен мүлігінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;
  - 19) қос Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызмет түрін жүзеге асыратын рұқсат беру құжаттарын (егер қызмет міндетті лицензиялауға жататын болса, қызмет көрсету құқығына лицензияның немесе электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі лицензияның нотариат куәландырылған көшірмесін) ұсынуға;
  - 20) жеткізуші Шарт қолдану мерзімі ішінде дизель-генератор мен үздіксіз электр қуат беру жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуіне кепілдік береді;
  - 21) жеткізуші Шарттың № 2 Қосымшасындағы техникалық ерекше нұсқамада көзделмеген қателерді, шала істеулерді және басқа да сәйкессіздіктерді өтемсіз сапалы жоюға кепілдік беруге;
  - 22) жұмыс істеуге қауіпті өндіріс объектілерінде жұмыс істеуге өндіріс қауіпсіздік талаптарының білуді тексеру бойынша кәсіби оқудан өткен электрқауіпсіздігі бойынша 3 (үшіншіден) төмен емес рұқсат ету тобы бар қызметкерлеріне рұқсат етіледі. Құрал-жабдыққа қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттарды Жеткізуші баға ұсынысымен бір уақытта беруге міндеттенеді. Барлық қызмет көрсету мерзімі ішінде мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар кешіктірілген жағдайда, жаңартылған құжаттарды тапсырыс берушіге 10 жұмыс күн ішінде беруге міндеттенеді.

#### **3.4. Жеткізуші:**

- 1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызметтер көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызметтер көлемін беруге рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.
- 4) *Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы*

3.5. Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау міндеттенеді.

#### **4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 2-Қосымшаға сәйкес.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі 21.

4.3. Қызметтерді көрсетудің жалпы мерзімі жұмыс күндері сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін Шарт күшіне енген күннен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңді құрайды.

#### **5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

5.1. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметтерді көрсеткеннен кейін Тапсырыс берушіні бұл туралы хабарландырады және қол қою үшін көрсетілген тоқсан сайынғы қызметтер Актісін жібереді.

5.2. Жеткізушімен көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулер және келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тараптың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болған кезде көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді, ал Жеткізуші бұл туралы Тапсырыс беруші хабарлаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде барлық көрсетілген ақауларды (кемшіліктер, ескертулер, шала істеулер, сәйкессіздіктер) жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

#### **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының (Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 1%, Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;
- 2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда, ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген жұмыс күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;
- 3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл салынады.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін ғана ақысын талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына :

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық

актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ**

### **ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне

тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## 11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## 12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

## 13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

## 14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Тапсырыс берушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс беруші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізуші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

Портал закупа Национального Банка Республики Казахстан

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

**о закупках услуг**

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

## 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

